

**6D074800 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша
PhD докторантты Мақсатова Аяулым Мақсатқызына**

**«N-арилалкилпиперидиннің жаңа туындылары негізінде биологиялық белсенді субстанцияны химиялық жасау» тақырыбындағы Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін іздену диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесші, PhD
Манас Тоқтасынұлы Омырзаковтың**

ПІКІРІ

Республика халқын дәрілік қамтамасыз ету мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі болып есептеледі. Өз қатарында, дәрілік заттар алдын алу медицинасы мен ауруларды емдеуде маңызды рөл аткарады. Ал мемлекет ақысызы дәрілік қамсыздандыруға арналған жарты бәсіре ақы-пұлды төл дәрілік препараттарды сатып алуға жұмсайды. Сондықтан отандық жаңа дәрілік заттарды әзірлеу фармацевтика секторын дамытуға және Қазақстан Республикасы үшін стратегиялық, әлеуметтік және экономикалық маңызы бар.

Қазіргі кезде құрамында химиялық құрылышы әртүрлі органикалық азотты қосылыштар табиғи және синтетикалық биоактивті препараттардың 80% артық мөлшерін құрайды. Ал дәрі-дәрмектік, пестицидтік қасиетті заттардың арасынан құрамына пропаргил тобы мен пиперидин сақинасы кірген қосылыштар да көптеп кездеседі. Органикалық қосылыштарға амин тобын енгізуінде тиімді және қарапайым жолына Манних реакциясы жатады. Бұл құрамында активті сутегі бар органикалық қосылыштар, альдегидтер және аминдерден тұратын үшкомпонентті реакциялар қатарына жатады Мәселен осы реакция көмегімен, фармакологиялық белсенділігі кең (анальгетикалық, жергілікті анальгетикалық, спазмолитикалық, антимикробтық және т.б.) дәрілік заттар (солардың ішінде отандықтар да бар), өсімдік өсуін реттегіштер, металл коррозиясының ингибиторлары, асыл металдарды бөлуге арналған экстрагенттер және т.б. алынған, ал оларды синтездеуге қажетті шикізаттар арзан әрі қол жетімді. Сондықтан ацетилендік аминдер қатарында отандық жаңа субстанцияларды әзірлеу Қазақстан республикасының саясатына жауап береді, әрі ұлттық және халықаралық көлемде мәнді болып табылады.

Соған орай құрылышы жаңа дәрілік заттарды зерттеу және жасау, сондай-ақ максималды терапевтік тиімділік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін олардың сапасын бағалау әдістерін жетілдіру фармацевтикалық химияның басты мақсаттарының бірі болып есептеледі.

Диссертациялық жұмыстың барысында пиперидин қатарында перспективті жаңа қосылыштар синтезделіп, олардың комплекстары алынды, арасынан жетекші қосылыс стандартталып, қажетті параметрлары анықталып, оны өндірудің технологиясы жасалды.

Мақсатова А.М. ғылыми зерттеуінің тәжірибелі бөлімі АҚШ мемлекеттің Оксфорд қаласындағы Миссисиппи университетіне қарасты NCNPR – Табиғи өнімдерді зерттеудің ұлттық ғылыми орталығының базасында және отандық инфекцияға қарсы препараттардың ғылыми орталығында жасалды.

Докторант Мақсатова А.М. зерттеу нәтижелерін мақала мен тезис түрінде отандық және шетел ғылыми баспаларында, халықаралық ғылыми-тәжірибелік

конференция материалдарында және Scopus мәліметтерінің халықаралық базасына кіретін рецензияланатын ғылыми баспада жариялады.

Зерттеудің барлық маңызды аспектілерін жан-жақты талқылап шешу үшін докторант Мақсатова А.М. интеллектуалдық дәрежесі мен теориялық біліктілігі, онтайлы зерттеу әдістері мен өнерпаздықты қолдана білуі, - алға қойылған міндеттерге қолжеткізуде өз септігін тигізді.

Мақсатова А.М. зерттеу барысында алдына қойған мақсаты мен міндеттерін толығымен орындалап шықты.

Жоғарыдағы мәліметтерді ескере отырып, Мақсатова А.М. диссертациялық жұмысы толық орындалған ғылыми зерттеу болып саналады және қойылған мақсат, міндеттер, зерттеу көлемі мен әдістері, ғылыми жақалығы мен тәжірибелік өзектілігі 6D074800 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін ізденудің диссертациясына қойылатын талаптарға сай келетін білікті ғылыми еңбек ретінде жасалған.

Ғылыми кеңесші,
PhD

М.Т. Омырзаков

